

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
5В030100 – «Құқықтану» мамандығы
бойынша білім беру бағдарламасы
Пән: Осы заманғы мемлекет қызметі

3. СӨЖ арналған тапсырмалар, оларды орындау кестесі, оларға әдістемелік нұсқаулар.

СӨЖ арналған тапсырмалар және оларды орындау кестесі

№	СӨЖ тапсырмалары	СӨЖ орындау нысаны	СӨЖ тапсыру мерзімдері
1	1 СӨЖ Мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуы. Мемлекеттің түсінігі, белгілері және мәні. Хрестоматия II және III бөлім. Ф. Энгельс, Ш.Л. Монтескье, Д. Локк, Аристотель, Ж.Ж.Руссо, Г. Спенсер, Б.Спиноза, Т.Гоббс. а) Ф. Энгельстің «Отбасының, жеке меншік және мемлекеттің шығуы» Тапсыру мерзімі – 2, 3, 4 апта.	Конспект, ауызша.	2-5 апта
2	2 СӨЖ Мемлекеттің типологиясы. Мемлекеттік билік. Хрестоматия IV және V бөлім.	Салыстырмалы кесте, ауызша	7-8 апта
3	3 СӨЖ. Мемлекеттің негізгі қызметтері. Хрестоматия VI бөлім. Нормативтік-құқықтық актілер туралы заң, нақты айтатын болсақ, осы заңның күшінің жойылып, жаңа 2016 жылғы 6 сәуірдегі Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңын қарастыру.	Презентация.	9-10 апта
4	4 СӨЖ. Құқыққа сай жүріс-тұрыс және құқық бұзушылық.	Реферат.	12-13 апта
5	Құқықтық саясат және құқықтық режимдер. Глоссарий	Презентация.	14-15 апта

СӨЖ орындау (тапсыру) бойынша әдістемелік нұсқаулар.

1СӨЖ Мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуы. Мемлекеттің түсінігі, белгілері және мәні. Хрестоматия II және III бөлім.

Ф. Энгельс, Ш.Л. Монтескье, Д. Локк, Аристотель, Ж.Ж.Руссо, Г. Спенсер, Б.Спиноза, Т.Гоббс. а) Ф. Энгельстің «Отбасының, жеке меншік және мемлекеттің шығуы»

Ұсыныс: осы еңбектер бойынша тақырыптағы қажетті материалдарды пайдалана отырып, тақырыпты ашу. Зерделеп, конспектілеу және ауызша формада тапсыруы міндетті.

Ш.Л. Монтескьенің, Дж. Локктың «Мемлекеттік басқару туралы екі трактат» еңбектерін оқып, ойшылдардың заң үстемдігі және биліктің бөліну теориясын дамытатын идеяларын зерделеп, конспектілеу және ауызша формада тапсыруы міндетті.

Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.

№1 СӨЖ бойынша қарастырылатын ең жоғары балл – 25 балл.

Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:

- тақырыптың толық ашылуы;
- материалдардың терең зерттелуі;
- қорытындының негізделген болуы;
- жазу тілінің түсінікті, анық болуы.

2СӨЖ Мемлекеттің типологиясы. Мемлекеттік билік. Хрестоматия IV және V бөлім.

Ұсыныс: тақырып бойынша қажетті құжаттардың үлгілерін құжаттарының жобасын жасай отырып, тақырыпты ашу. Конспектілеу және ауызша формада тапсыруы міндетті.

Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, талдау жасау, алыс-жақын мемлекеттердің бірінің заңнамасымен салыстыру, ерекшеліктерін көрсету керек.

Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:

- идеяның дұрыстығы;
- ұсынылған ғылыми және нормативтік деректердің жан-жақты зерттелуі;
- жасалған қорытындының негізделген болуы;
- баяндау тілінің анықтығы.

3СӨЖ. Мемлекеттің негізгі қызметтері. Хрестоматия VI бөлім. Нормативтік-құқықтық актілер туралы заң, нақты айтатын болсақ, осы заңның күшінің жойылып, жаңа 2016 жылғы 6 сәуірдегі Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңын қарастыру.

Ұсыныс: тақырып бойынша қажетті құжаттардың үлгілерін құжаттарының жобасын жасай отырып, тақырыпты ашу.

Конспектілеу, ауызша формада тапсыруы міндетті. НҚА түсінігін, оның түрлерін, иерархиясын, кеңістіктегі, уақыт бойынша және тұлғаларға қатысты қолданылуын ашу.

Тақырыпты ашу кезінде: осы қатынасты реттейтін заңнамаларды салыстыра отырып, ерекшеліктерін көрсету керек.

Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:

- идеяның дұрыстығы;
- ұсынылған ғылыми және нормативтік деректердің жан-жақты зерттелуі;
- жасалған қорытындының негізделген болуы;
- баяндау тілінің анықтығы.

4 СӨЖ. Құқыққа сай жүріс-тұрыс және құқық бұзушылық.

Глоссарий

Ұсыныс: Құқыққа сай жүріс-тұрыс және құқық бұзушылықтың қоғамның құқықтық өмірі, болмысы, қоғамның құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының қалыптасуы мен дамуын, құқық бұзушылықтың құрамын, заңды жауаптылықтың түрлерін, зерделеп, конспектілеу.

Глоссарий – мемлекет және құқық теориясы пәнінің негізгі термин сөздерінің түсінігін конспектілеу және ауызша формада тапсыруы міндетті.

